



# Серіктестерге қызмет көрсету шартына № 4 қосымша

## Төлем жасауға арналған құрылғылар

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Қосымша Kaspi мен Серіктестің арасындағы қызмет көрсету және Құрылғыларды қолдану бойынша қатынастарды реттейді. Осы Қосымшаның және Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары Құрылғыларды пайдаланып, қызмет көрсету шарты болып табылады.
- 1.2. Серіктестің Жеке кабинетте мұндай қызметтерді алуға бағытталған әрекеттерді жасауы Kaspi-дің осы Қосымша бойынша қызмет көрсетудің басталғаны болады.
- 1.3. Серіктестің төлемдерді алуға арналған Құрылғыларды пайдалануы – осы Қосымшада аталған талаптарды Ақцепттеуі болып табылады.
- 1.4. Егер Серіктес Ақцепттеу әрекеттерін жасағанда және бұрын Серіктеспен POS-терминалды қолданып, қызмет көрсетуге арналған шарттар мен басқа да уағдаластықтар және POS-терминалды қолдануға байланысты міндеттемелер жасалған жағдайда, мұндай шарттар мен уағдаластықтар тоқтатылады және Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы қатынастар осы Қосымшамен және Серіктестерге БҚКШ-мен реттеледі. Мұндай шарттарды бұзу/тоқтату тәртібіне қатысты бұрын жасалған шарттардың талаптарын орындаудың Серіктестерге БҚКШ-ға қосылғаннан кейін күші жойылады.
- 1.5. Серіктеске бір немесе бірнеше Құрылғы берілуі мүмкін.
- 1.6. Қызмет Серіктестерге БҚКШ-ға және осы Қосымшаға сәйкес көрсетіледі және аталған құжаттармен айқындалмаған бөлігінде Kaspi мен Серіктестің арасында жасалған (олар болған кезде) және Kaspi-дің сайтында орналастырылған қосылу шарттарымен реттеледі.

### 2. Терминдер мен анықтамалар

- 2.1. POS-терминал – Авторландыру рәсімдерін автоматтандыру үшін және Операция бойынша бастапқы төлем құжаты – чекті ресімдеу және QR-код арқылы (егер қолдайтын болса) Операцияларды жүргізу үшін қызмет ететін электрондық құрылғы (QR-код технологиясын қолдайтын немесе қолдамайтын карточкалық кассалық терминал).
- 2.2. Авторландыру – Карточканы пайдаланып, төлем жасауға Kaspi-дің рұқсаты;
- 2.3. Сатып алушы – Тауар сатып алуға ниет білдірген және Kaspi-дің клиенті болып табылатын жеке тұлға;
- 2.4. Таныстыру материалы – Серіктеске берілетін және Сайтта не болмаса Мобильді қосымшада орналастырылған нұсқаулықтар мен материалдар;
- 2.5. Интеграциялық платформа – «Kaspi Магазин» ЖШС-ның Серіктеске деректерді өңдеу қызметін көрсету мақсатында және өзге мақсаттарда «Kaspi Магазин» ЖШС мен Kaspi-дің аппараттық және бағдарламалық кешендерін, қамсыздандыруларын біріктіруге арналған техникалық шешім;
- 2.6. Карточка – Kaspi немесе басқа эмитент-банк шығарған Сатып алушының төлем карточкасы;
- 2.7. Операция – Тауарлардың ақысын төлеу бойынша Сатып алушының Шоты бойынша шығыс операциясы;
- 2.8. ДСН-код – Дербес сәйкестендіру нөмірі, құпия цифрлық код, Авторландырудың автоматтандырылған режимі кезінде Сатып алушыны сәйкестендіру үшін қолданылады;
- 2.9. Процессинг орталығы – операциялар жүргізу барысында қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және растауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық кешен;
- 2.10. QR-код – Серіктес пен Сатып алушыны сәйкестендіруге, сондай-ақ Сатып алушының мобильді қосымшасы арқылы Операцияға нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін штрихты кодталған кодтарды пайдаланып, төлем жасауды және Операцияларды жүргізуді қамтамасыз ету технологиясы;
- 2.11. Тауар – Серіктестің өткізетін тауарлары/қызмет көрсетулері/жұмыстары;
- 2.12. Құрылғы – Карточкаларды (POS-терминалдар) және/немесе QR-код технологиясын пайдаланып, төлем жасауға арналған жабдық және төлемдер жасауға арналған Kaspi қолдайтын құрылғылардың/технологиялардың өзге түрлері.

### 3. Қызметтің мәні

- 3.1. Тараптар Құрылғылардың көмегімен Сатып алушыларға бірлесіп қызмет көрсетеді.
- 3.2. Kaspi шығарған Карточканы пайдалану және оған қызмет көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Төлем жүйелерінің талаптарымен, Қосымшамен және Таныстыру материалымен реттеледі. Басқа эмитент-банк шығарған Карточканы пайдалану және оған қызмет көрсету тәртібі Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Карточканы шығарған банктің шартымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

3.3. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және автоматтандыру үшін Kaspi Серіктеске Қосымшаның қолданылу мерзіміне POS-терминалдың функциясын атқаратын Құрылғыны өткізеді, ал Серіктес Құрылғыны қалыпты тозуын ескере отырып, өзі алған күйінде қайтаруға міндеттенеді.

3.4. Карточкалық операцияны Авторландыру автоматтандырылған режимде жүргізіледі: Авторландыру және операция бойынша құжатты кейіннен жасақтау – чекті басып шығару Процессинг орталығына байланыс желісі бойынша қосылатын POS-терминалдың функциясын атқаратын Құрылғыны қолданып жүргізіледі. Операцияны жүргізуге рұқсат етілген кезде чек басылып шығарылады, онда Операцияның негізгі параметрлері көрсетіледі.

3.5. Тараптар QR-код технологиясын Сатып алушы мен Серіктесті сәйкестендіру және Тауардың ақысының төленуін қамтамасыз ету мақсатында қолданады. Сатып алушының мобильді қосымшасын қолданып, QR-кодты сканерлеу және QR-кодты оқу Сатып алушының ағымдағы шотына нұсқау болып табылады және Операцияның расталғанын және Серіктеске ақша аударылғанын білдіреді.

3.6. Сатып алушыларға қызмет көрсету және Серіктес пен Сатып алушының арасындағы есеп айырысу үшін QR-кодты пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қосымшамен және Таныстыру материалымен реттеледі.

## 4. Құрылғыларды өткізу тәртібі

4.1. Серіктеске Құрылғыны өткізген жағдайда, Серіктес ақы төлеу бойынша толық міндеттеме қабылдайды және қызмет ақысын Сайтта орналастырылған қолданыстағы Тарифтерге сай төлейді.

4.2. Kaspi Серіктеске Құрылғылардың орнатылған жері (жерлері) мен саны туралы деректер қамтылған және Серіктес Байланыс арналары бойынша, оның ішінде Жеке кабинетте, Call Center арқылы немесе электрондық мекенжайдан / Мессенджерден жолдайтын өтінімді алған күннен бастап 7(жеті) жұмыс күні ішінде береді.

4.3. Kaspi-дің Құрылғылардың қосымша бірліктерін беруі не болмаса Серіктестің Kaspi-ге Құрылғыларды қайтаруы қажет болған жағдайда, Құрылғыларды қабылдау-өткізу Байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдаушыдағы қабылдау-өткізу актісі ресімделмей жүргізіледі.

4.4. Тараптар Құрылғылардың жаңа бірліктерін орнату туралы келісімге келген соң Kaspi қосымша Құрылғыларды орнату мүмкіндігінің бар екені туралы жауапты жолдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Kaspi қосымша Құрылғыларды орнатады.

4.5. Қосымша Құрылғыларды орнатқан күні Kaspi Серіктестің көрсеткен мекенжайларына Құрылғылардың қосымша бірліктерінің орнатылғаны туралы Серіктеске хабарлайды.

4.6. Серіктестің сұратуында көрсетілген мекенжайда Құрылғы нақты орнатылған және Kaspi-ден оның орнатылғаны туралы хабарламаны алған не болмаса жаңа Құрылғыны пайдаланып, Операцияны нақты жүргізген күннен бастап Серіктес қосымша Құрылғыны қабылдаған болып саналады.

4.7. Kaspi берілетін Құрылғының түрі мен функционалдығын өз қалауы бойынша айқындауға, соның ішінде Серіктеске POS-терминалдың функциясы жоқ Құрылғыны беруге құқылы.

## 5. QR-кодты пайдалану және қолдану тәртібі

5.1. Серіктес QR-кодты пайдаланған жағдайда, Серіктес ақы төлеу бойынша толық міндеттеме қабылдайды және қызмет ақысын Тарифтерге сай төлейді.

5.2. «Толық қолжетімділік» атты қолжетімділік деңгейі бар Пайдаланушы Жеке кабинет арқылы Таныстыру материалына сәйкес Пайдаланушының ұялы телефон нөмірін көрсетіп, жаңа Пайдаланушыны айқындайды. Kaspi Пайдаланушыға шектеулі қолжетімділік береді, оны Kaspi көрсетілген нөмірге хабарлама жіберу арқылы QR-кодты пайдаланып, Операциялар жүргізу және жүргізілген Операцияны қайтару мақсатында айқындаған. «Толық қолжетімділік» атты қолжетімділік деңгейі бар Пайдаланушы өз қалауы бойынша бірнеше Пайдаланушыға қолжетімділік бере алады.

5.3. Шектеулі қолжетімділігі бар Пайдаланушы Таныстыру материалына сәйкес Kaspi-ден қолжетімділіктің берілгені туралы хабарламаны алғаннан кейін Мобильді қосымшада тіркеледі және Kaspi айқындаған Электрондық қызметтерді алуға бағытталған одан кейінгі әрекеттерді жасайды.

5.4. QR-код Таныстыру материалы бойынша қолданылады және пайдаланылады.

5.5. Сатып алушының QR-кодтың көмегімен Тауар үшін төлеген сомасы сәйкес келмеген кезде, Пайдаланушы бұрын төленген соманы қайтарады. Пайдаланушының/Серіктестің және Сатып алушының арасындағы сома Kaspi-дің қатысуынсыз өз бетінше реттеледі.

## 6. Операцияларды ресімдеу және Тараптардың өзара есеп айырысу тәртібі

6.1. Тараптардың арасындағы өзара есеп айырысу теңгеде жүргізіледі.

6.2. Төлеу тәртібі және қызмет көрсеткені үшін Kaspi-дің сыйақысының түрі Тарифтерде көрсетілген.

6.3. Серіктестің Құрылғының көмегімен Сатып алушыға қызмет көрсету операциясының сеансы кезінде электрондық нысанда алынған деректердің және Сатып алушы оны санкциялауының негізінде Kaspi ақшаны Операция жүргізілген күннен бастап 4 (төрт) банк күні ішінде Сатып алушының банктік шотынан Серіктестің Шотына аударады. Сыйақы Серіктестің Шотынан ақшаны тікелей дебеттеу арқылы төленеді. Сатып алушы Тауардың ақысын басқа эмитент-банк шығарған Карточкамен төлеген жағдайда, Серіктестің Шотына ақша Карточканы шығарған эмитент-банктен Kaspi-ге ақша түскен күннен бастап 4 (төрт) банк күні ішінде аударылады. Kaspi Серіктестің Шотына ақшаны аударғанға дейін Серіктестің Шотына аударылуы тиіс ақша сомасынан сыйақыны ұстап қалуға құқылы.

6.4. Серіктестен Құрылғыны пайдаланып сатып алынған Тауар қайтарылған (немесе Құрылғыны пайдаланып

алдын ала төленген Тауарлардан бас тартылған) жағдайда, Серіктес Құрылғыны пайдаланып, «қайтаруды ресімдеу» әрекетін жасау арқылы немесе Жеке кабинетте (мұндай мүмкіндік берілген жағдайда) Интеграциялық платформа арқылы Kaspi-дің берген Таныстыру материалына сай электрондық түрде Kaspi-ге нұсқау жолдайды. Серіктес пен Сатып алушының арасындағы Тауарды қайтару бойынша өзара қатынастар Kaspi-дің қатысуынсыз өз бетінше шешіледі.

6.5. Серіктестің ағымдағы шотына ақша Шарттың 6.3-тармағына сәйкес түспеген жағдайда, Серіктес Kaspi-ге Шарттың 6.3-тармағында белгіленген мерзімде хабарлауға және салыстырып тексеретін күн мен уақытты белгілеуге міндетті. Салыстырып тексеру нәтижелері бойынша ақша түсімінің болмағаны анықталған жағдайда, Kaspi мен Серіктес ақшаның түспеу себептерін анықтау және тараптардың бірлескен шараларды қолдануы үшін бірлескен іс-шараларды жүргізеді.

6.6. Операция жүргізілген сәттен бастап 10 (он) банк күні ішінде Kaspi-дің Серіктестен Операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша шағымдарды алмауы бұл Операция бойынша төлем сомасын Серіктестің алғанының растауы болып саналады.

6.7. Kaspi Сатып алушыға Тауар үшін ақшаны Тауар қайтарылған жағдайда қайтарады:

6.7.1. Серіктестің Шотында ақша жеткілікті болған жағдайда, Kaspi Серіктестен аударымға қосымша нұсқауды алмастан, Тауардың құны мөлшеріндегі ақша сомасын есептен шығарады және Сатып алушының шотына аударады;

6.7.2. Серіктестің Шотында ақша болмаған жағдайда, Kaspi Сатып алушыларға бірлесіп қызмет көрсету аясында Сатып алушыға өз қаражатының есебінен ақша аударады немесе қайтару операциясының сомасын Серіктеске тиесілі төлемдердің сомасынан ұстап қалады. Бұл ретте Серіктес Kaspi-ден тиісті ақы төлеу шотын алған күннен бастап 10 (он) банк күні ішінде қайтарылған Тауардың құны мөлшеріндегі Kaspi-дің шығыстарын өтеуге міндетті.

6.7.3. Kaspi Серіктестің Шотына ақшаны аударғаны үшін (Тауар қайтарылатын Операция бойынша ұсталған) сыйақыны Серіктеске қайтарады. Егер Тауарды Сатып алушы Тауарды өткізуге байланысты туындайтын міндеттемелердің бұзылу себебінен (соның ішінде тиісті емес сападағы тауарды сату/қызмет көрсету, тауарды жеткізу мерзімдерін бұзу, ақысы төленген қызметті көрсетпеу, Тауарды жеткізбеу, Сатып алушының жазбаша шағымының және Интеграциялық платформа арқылы Kaspi алған өзге де теріс ақпараттың болуы) қайтарса, Kaspi Серіктеске сыйақыны қайтармауға құқылы.

6.8. Қайтарылған Тауар үшін Серіктестен Сатып алушыға ақшаны қайтару тәртібі Таныстыру материалында көрсетіледі.

6.9. Серіктес Шотқа қойылған төлем құжаттарын орындау үшін (соның ішінде Сатып алушыға қайтарылған Тауар үшін ақшаны қайтару мақсатында) Шотта ақшаның жеткілікті болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.10. Серіктес қызмет ақысының Тарифтерге сай төленуін қамтамасыз етеді.

## 7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Kaspi:

7.1.1. **POS-терминалдарды берген жағдайда:**

- Серіктеске POS-терминалдарды жарамды күйінде, оның барлық керек-жарақтарымен және қажет болған кезде Таныстыру материалымен беруге;

- POS-терминалды орнатуды және қосуды ұйымдастыруға, қажет болған кезде Серіктестің персоналына Авторландырудың автоматтандырылған режимінде операцияларды жүргізу және ресімдеу тәртібін түсіндіруге, соның ішінде жұмыс орнында Таныстыру материалына сәйкес нұсқау беруге;

- POS-терминалды техникалық сүйемелдеуге;

- Серіктестің кінәсі болмай POS-терминал істен шыққан жағдайда, оны өз есебінен ауыстыруға;

- Серіктестің сұратуы бойынша Тараптардың арасында келісімге қол жеткізілген жағдайда, қосымша POS-терминалды орнатуға;

- Серіктес операцияны жүргізген күннен бастап 4 (төрт) банк күні ішінде Карточкаларды пайдаланып өткізілген Тауарлардың ақысын төлеуге ақшаны және Қосымшаның және Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарына сай Қосымша және Серіктестерге БҚКШ бойынша өзге төлемдерді Серіктестің банктік шотына аударуға міндеттенеді.

7.1.2. **QR-код технологиясы пайдаланылған жағдайда:**

- Серіктеске Kaspi Рау-дағы Жеке кабинетте QR-кодты сканерлеу мүмкіндігін беруге;

- Операция жүргізілген күннен бастап 4 (төрт) банк күні ішінде QR-код технологиясын пайдаланып өткізілген Тауарлардың ақысын төлейтін ақшаны Серіктестің банктік шотына аударуға;

7.1.3. Серіктеске сұрату бойынша жүргізілген Операциялар бойынша Үзінді көшірме беруге міндеттенеді.

7.2. Kaspi:

7.2.1. Егер Серіктестерге БҚКШ-да мұндай қызмет көрсету мүмкіндігі көзделмесе, соның ішінде Пайдаланушыны Kaspi Пайдаланушы ретінде сәйкестендірмегенде және/немесе онда қажетті қолжетімділік деңгейі болмаған жағдайда, Серіктеске Қосымша бойынша қызмет көрсетуден бас тартуға;

7.2.2. Басқа эмитенттердің төлем карталары бойынша Операцияларды жүргізуден бас тартуға;

7.2.3. Серіктес жалған кәсіпкерлік қызмет жүргізу қаупі бар Серіктестер тізіміне енгізілген жағдайда, қызмет көрсетуден бас тартуға;

7.2.4. Серіктестің (оның жұмыскерлерінің) Серіктестерге БҚКШ ережелерін сақтауын, соның ішінде өткізілген Құрылғының сақталуын, оның жарамдылығын және пайдалану тәртібін тексеруге;

7.2.5. Көрінеу қате, рұқсат етілмеген операциялар бойынша туындаған даулы жағдай шешілгенге дейін есеп айырыспауға;

7.2.6. Серіктестің алаяқтық Операцияларды жүргізуі жөнінде күдік туындаған жағдайда, сондай-ақ Операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға және Касрі-дің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы болған жағдайларда, Касрі-дің осындай Операцияларды жүргізуінді мән-жайы анықталғанға дейін Серіктестің банктік шотындағы Операциялар бойынша өтемді ұстап қалуға (оған тосқауыл қоюға) және/немесе QR-кодтың немесе Құрылғының жұмысын тоқтатып қоюға құқығы бар;

7.2.7. Серіктестің кінәсінен Құрылғы жоғалған, сынған немесе істен шыққан жағдайда, Серіктеске Құрылғыны жөндеу құнын және/немесе Құрылғының құнын өтеу үшін шот қоюға;

7.2.8. Өз қалауы бойынша Серіктеске Құрылғыны бермеуге не болмаса Құрылғыны алып қоюға;

7.2.9. Бір күнде жүргізілген Операциялар болған кезде, өз бетінше «қорытындыны салыстырып тексеру» операциясын жүргізуге;

7.2.10. Қосымшаға, соның ішінде Тарифтерге өзгерістерді Серіктестерге БҚКШ-да белгіленген тәртіппен енгізуге;

7.2.11. Тауар үшін ақы төлеудің өзге тәртібін белгілеуге, ол Касрі-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірімен Серіктестің назарына жеткізіледі;

7.2.12. Серіктестерге БҚКШ-ның және/немесе оның Қосымшаларының талаптарын Серіктес бұзған кезде, Серіктесте Касрі-дің алдында Серіктестерге БҚКШ-ның аясында, сондай-ақ Касрі мен Серіктестің арасында жасалған кез келген өзге шарттың аясында орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда, Құрылғы(-лар) бойынша Операцияларды жүргізбеуге немесе оларға тосқауыл қоюға;

7.2.13. Егер Серіктестің жабдығы және/немесе Электрондық құрылғысы және бағдарламалық қамсыздандыру техникалық талаптар мен ережелерге сәйкес келмесе, Серіктеске қызмет көрсетуден бас тартуға;

7.2.14. Жеке кабинетте Операцияларды көрсетуге;

7.2.15. Серіктеске алдын ала хабарламай:

1) Серіктестің Касрі-де ашылған банктік шоттарындағы (бұған дейін және бұдан әрі – Шот) ақшаға иелік етуді Шоттағы ақша қалдығының шегінде 90 күнге дейін мерзімге шектеуге, соның ішінде Шоттан ақшаны төменде көрсетілген мерзімге қамсыздандыру жарнасына алып қоюға құқылы:

- Серіктестің банктік шоттары бойынша шектеулер Шоттағы ақшаға билік етудің барлық тәсілдеріне, соның ішінде қолма-қол ақша алуға, төлем жасауға және /немесе ақша аударуға және өзге шығыс операцияларын жүргізуге қолданылады. Касрі өз қалауынша шектеулердің күшін жоюға немесе белгілі бір операциялар үшін ерекше жағдай жасауға құқылы;

- қамсыздандыру жарнасымен Серіктестің Келісім бойынша, соның ішінде айыппұл төлеу міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етіледі;

2) Шоттан (соның ішінде тікелей дебеттеу арқылы) немесе қамсыздандыру жарнасының сомасынан:

- Тауарға қатысты/оны сатқан кезде Касрі осы тармақтың 1) - 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықты анықтаған Тауардың құны мөлшерінде айыппұл және/немесе келтірілген залалды төлеу үшін;

- Келісімде айқындалған мөлшерлерде өзге айыппұлды төлеу үшін;

- Касрі-дің алдындағы Сатып алушының берешегін өтеу немесе осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, Сатып алушының шотына қайтару үшін Тауардың құны мөлшерінде;

егер, Касрі-дің пікірінше, Серіктес Серіктестерге БҚКШ, Деректерді өңдеу қызметін көрсетуге арналған шарт бойынша кез келген талаптарды немесе міндеттемелерді және Серіктестің өзге шарттық міндеттемелерін, соның ішінде аталған шарттарда сілтеме бар ережелерді, нұсқаулықтарды және өзге құжаттарды (бұдан әрі – Келісім) бұзса және/немесе Келісімнің бұзылғанына Касрі-дің күдіктері болса, соның ішінде:

1) егер, Касрі-дің пікірінше, Серіктес (оның жұмыскерлері) Касрі-дің Сатып алушыға Тауарды сатып алу және ақысын төлеу үшін берген қарыз ақшасын мақсатына сай пайдаланбауға қатысса, көмектессе, кез келген тәсілмен жердемдессе;

2) Келісімнің аясында жасалған Тауармен мәмілелер жасасу фактісін растайтын құжаттарды бермегенде немесе олар сәйкес келмеген жағдайда немесе іс жүзінде жасалған мәміленің ресімделген Тапсырыстың талаптарына сәйкес келмегенде, Тауар көтеріңкі бағамен сатылған жағдайда және т.б.;

3) Келісімнің аясында тексерілмеген және/немесе сертификатталмаған және/немесе сапаСЫЗ және/немесе бұрын пайдаланылған Тауарды сатқан жағдайда, ақшаны алып қоюға құқылы.

7.3. Серіктес:

7.3.1. Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын сақтауға, сондай-ақ ұсынылған Таныстыру материалдарында жазылған талаптарды орындауға;

7.3.2. Серіктестің нұсқамадан өткен персоналына ғана Операцияларды жүргізуге рұқсат беруге;

7.3.3. Барлық құжаттардың, чектердің даналары мен көшірмелерін сондай-ақ Операцияларға байланысты өзге ақпаратты бес жылдың ішінде құпиялылық талаптарында сақтауға және Касрі-ге осындай құжаттардың көшірмелерін беруге, ал оларды салыстырып тексеру қажет болған кезде, Серіктесте сақтаулы құжаттардың түпнұсқасын жазбаша талапты алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде ұсынуға;

7.3.4. Касрі-дің ұсынған жарнамалық материалдарын орналастыруға және Тауарларды өткізу орындарында Серіктес қызмет көрсететін Төлем жүйелерінің логотипі бар жапсырмаларды орналастыру жөніндегі Касрі-дің барлық ұсыныстарын ұстануға;

7.3.5. Тек тіркелген Пайдаланушыға ғана QR-кодты пайдаланып, Операцияларды жүргізуге рұқсат беруге;

7.3.6. Таныстыру материалына сай Құрылғыны қосатын орынды (коммуникацияға сәйкес келетін электр желісін) ұйымдастыруға;

- 7.3.7. Алған Құрылғының зақымдалуына жол бермеуге және оның сақталуын қамтамасыз етуге;
- 7.3.8. Құрылғыны өз күшімен және үшінші тарапты тартып, жөндеуге (баптауға) әрекет жасамауға;
- 7.3.9. Қосымшаның талаптары ескеріліп, Қосымшаның немесе Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы толық тоқтатылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Kaspi-ге Құрылғыны жарамды күйінде қайтаруға;
- 7.3.10. Қосымшаның 7.2.7-тармақшасының талаптарына сәйкес Kaspi-дің қойған шотын Сайтта көрсетілген деректемелер бойынша Kaspi-ге тиісті ақша сомасын аудару арқылы 10 жұмыс күні ішінде төлеуге;
- 7.3.11. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық пен Таныстыру материалдарына сай Құрылғы мен QR-кодты нысаналы мақсатына сай пайдалануға;
- 7.3.12. Kaspi айналысқа шығарған Төлем құралдарымен төлем жасаудан, соның ішінде өнімнің сипаттамасына, жеңілдікке немесе кез келген басқа акцияға байланысты бас тартпауға, бұл техникалық ақаулардан болған объективті себептерді қоспағанда (олардың туындағаны туралы Kaspi-ге хабарлауға міндетті), еш күмәнсіз Серіктестің Сатып алушы ұсынған Карточканы төлем жасауға шектеусіз қабылдайтынын, QR-код арқылы төлем жасайтынын білдіреді;
- 7.3.13. Егер Серіктес/Пайдаланушы техникалық немесе басқа себептермен Құрылғыда Карточка бойынша немесе QR-код бойынша Операция жүргізе алмаса, бұл туралы Kaspi-ге Call Center арқылы немесе [business@kaspi.kz](mailto:business@kaspi.kz) электрондық поштасына дереу хабарлауға;
- 7.3.14. Kaspi-дің талап етуімен мұндай талапты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен Құрылғыны қайтаруға міндеттенеді.
- 7.4. Серіктес:
- 7.4.1. Болған кезде Құрылғыны Сатып алушыларға қызмет көрсету үшін пайдалануға;
- 7.4.2. Істен шыққан Құрылғыны баптауға, жөндеуге (ауыстыруға), Құрылғының қосымша бірліктерін бөлуге сұратумен Kaspi-ге хабарласуға;
- 7.4.3. Операцияларды QR-код арқылы жүргізуге құқылы.

## 8. Тараптардың жауапкершілігі

- 8.1. Тараптар Қосымша бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қосымша мен Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарына сәйкес толық жауапкершілік атқарады.
- 8.2. Қосымшада және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген жағдайларды қоспағанда, Қосымшаның талаптарына сай Серіктеске тиесілі ақшаны уақтылы аудармағаны үшін Kaspi Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.
- 8.3. Серіктес Қосымшаның 6.7.-тармағына сәйкес Kaspi-дің шығыстарын өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Kaspi талап етуге құқылы, ал Серіктес аталған жағдайда Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Kaspi-ге мерзімі өткізілген төлем мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, Kaspi оны Серіктестің қосымша келісімінсіз Шоттан есептен шығаруға не болмаса кейінгі Операциялардан түсетін, Шотқа есепке жазылуға тиіс ақша сомасынан ұстап қалуға (есепке жазуға) құқылы.
- 8.4. Kaspi:
- 8.4.1. Kaspi тікелей бақылай алмайтын, бірақ Құрылғыларға қызмет көрсетуді уақытша тоқтатып қоюға әкеп соқтыруы мүмкін техникалық құралдардың істен шығуы, бағдарламалық қамсыздандырудағы, электрмен жабдықтау және деректерді беру жүйелеріндегі жаңылысулар үшін, соның ішінде Операциялар бойынша үзінді көшірмелерді шығару мүмкін болмаған жағдайда;
- 8.4.2. Серіктес пен Сатып алушылардың арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер бойынша, мұндай даулар мен келіспеушіліктердің Қосымшаның мәніне қатысы болмайтын барлық жағдайда;
- 8.4.3. Төлемдерді кешіктіргені үшін, соның ішінде мұндай кешіктіру Серіктестің банктік деректемелерінің өзгергені туралы Kaspi-ге уақтылы хабарламаудан болған жағдайда, жауапкершілік атқармайды.
- 8.5. Серіктес:
- 8.5.1. Қосымшаның талаптарына сәйкес Kaspi ұсынған шотты уақтылы төлемегені үшін мерзімі өткізілген әр күн үшін мерзімі өткізілген соманың 0,5% мөлшерінде;
- 8.5.2. Серіктестің жұмыскерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі Kaspi-ге материалдық залал және/немесе оның іскерлік беделіне зиян келтірген жағдайда, Серіктес Kaspi-ге келтірілген залалды (шығындарды) өтейді, оның сомасы Kaspi-дің қойған жазбаша шағымында көрсетіледі. Залал (шығын) сомасы Kaspi мен Серіктес қол қойған келісу актісімен қайта қаралуы мүмкін. Kaspi мен Серіктес әр жеке жағдайда өтеу тәртібін келіседі: Серіктеске тиесілі соманы ұстап қалу немесе Kaspi қойған шот бойынша төлеу арқылы. Kaspi шағым реттелгенге дейін Қосымша немесе Серіктестерге БҚКШ бойынша есеп айырысуды тоқтатып қоюға құқылы;
- 8.5.3. Құрылғының сақталуы үшін келтірілген залал (нақты залал) мөлшерінде;
- 8.5.4. Құрылғыны алған сәттен бастап Құрылғының кездейсоқ жойылу/бүліну/зақымдалу қаупі Серіктеске өтеді;
- 8.5.5. Сатып алушы төлеген және Тауардың сомасына сәйкес келмейтін Операциялардың сомасы бойынша;
- 8.5.6. Пайдаланушыға Жеке кабинетке қолжетімділік бергені үшін жауапкершілік атқарады.
- 8.6. Тараптар міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр энергиясын берудегі жаңылыстар, интернет желісін берудегі жаңылыстар сияқты еңсерілмейтін күш жағдайларының және Тараптардың бақылауынан тыс басқа жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының атқарушы, сот, салық немесе құқық қорғау органдары Тараптардың Қосымша немесе Серіктестерге БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін шешімдерді, қаулыларды, ұйғарымдарды шығарған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.
- 8.7. Қосымша мен Серіктестерге БҚКШ-ны орындауға байланысты Тараптардың бір-біріне беретін ақпараты құпия болып табылады және екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етілмейді. Бұл ақпаратты

жария еткені үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

8.8. Серіктес Қосымшаны және Серіктестерге БҚКШ-ны орындаумен байланысты ақпаратты, сондай-ақ Сатып алушылардың жүргізген Операциялары және сыйақының мөлшерлері жөніндегі ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

## 9. Қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату

9.1. Мына жағдайларда:

9.1.1. Серіктестің қызметті өшіру туралы қызмет түрі көрсетілген жазбаша хабарламасы болғанда, Kaspi Pay-да қызмет көрсету Серіктестің өшіру туралы жазбаша хабарламасы алынғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні өткенде тоқтатылады;

9.1.2. Техникалық жұмыстар жүргізілгенде, соның ішінде Kaspi Pay-да (Kaspi осындай жұмыстардың кезеңін Сайтқа бұл туралы хабарлама орналастыру арқылы жұмыстарды тоқтатқанға дейін 15 минут бұрын хабарлайды). Серіктестің қызмет алу құқығын тоқтатуға әкеп соқтырған себептер жойылған кезде, Kaspi кейіннен Серіктеске жазбаша немесе электрондық түрде хабарлап, оған қайта қызмет көрсете бастайды;

9.1.3. Қосымшаның, Таныстыру материалының не болмаса Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары бұзылғанда;

9.1.4. Серіктеспен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде, оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылады не болмаса уақытша тоқтатылады;

9.1.5. Серіктес Шотты жапқанда, Қосымша бойынша қызмет көрсету уақытша тоқтатылады немесе толық немесе кейбір түрлері тоқтатылады.

## 10. Өзгерту және бұзу

10.1. Тараптар бір-біріне тиісті хабарламаларды кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын электрондық түрде жіберу арқылы осы Қосымшада реттелген бөлігінде Серіктестерге БҚКШ-ны бұзуға құқылы. Бұзу күні электрондық хабарламада көрсетіледі. Kaspi осы Қосымшаның бөлігінде, сондай-ақ 1 айдан астам уақыт ішінде Серіктестің Құрылғыны пайдалануы бойынша белсенділік болмағанда және/немесе Құрылғы арқылы жүргізілген Операциялар болмаған жағдайда, Серіктестерге БҚКШ бойынша қатынастарды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы. Электрондық хабарламаларды алған және Құрылғыларды қолдануды тоқтату күнін келіскен күннен бастап Тараптар Құрылғыларды қолданып, Операциялар жүргізуді тоқтатады.

10.2. Егер Серіктес өзгерістер күшіне енгізілетін күнге дейін өзгерістерді енгізуден жазбаша бас тартпаса, Қосымшаның талаптарына, соның ішінде Тарифтерге қатысты өзгеріс екіжақты тәртіппен мына тәсілдердің бірімен: Тарифтік жоспарды ауыстыру әрекеттерін жасау, тиісті келісімге қол қою; хаттармен, жеделхаттармен, телефонограммалармен, телетайпограммалармен, факс, электрондық құжаттармен, электрондық хабарлар немесе тараптардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын өзге құжаттармен алмасу арқылы енгізілуі мүмкін немесе заңнамада көзделген өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтерімен, атап айтқанда, Растау кодын, ДСН-кодын енгізу арқылы, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда Серіктестерге БҚКШ-ның жаңа талаптарын өзгерту және қабылдау әрекеттерін орындау арқылы, Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлар алмасу арқылы, өзгерістерді/толықтыруларды, өзгертілген құжаттарды, Тарифтерді немесе жаңа редакциядағы құжаттарды кез келген келесі тәсілмен Kaspi-дің қалауы бойынша: өз қолына беріп, факсимильдік байланыспен, Сайттағы жарияланыммен немесе өзге Байланыс арнасымен жолдап, Қосымшаның өзгерістері туралы Серіктеске олар енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 күн бұрын хабарлау арқылы куәландырылады. Егер жоғарыда аталған мерзім өткеннен кейін Серіктес Kaspi-дің қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Серіктес үшін өзгерістер күшіне енеді және Серіктес барлық өзгерістерді қабылдады деп саналады.

10.3. Егер Серіктес Kaspi-дің хабарламасында көрсетілген өзгерістермен келіспесе, ол өзгерістер күшіне енгенге дейін 5 күн бұрын Kaspi-ге хабарлап, Қосымшадан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда мұндай өзгерістер енгізілген болып саналмайды және қолданылмайды. Хабарламада Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және оның мөрімен (бар болса) бекітілген Қосымшаны бұзу туралы хаттың көшірмесі болуы керек. Аталған тәртіппен бұзу туралы хабарланған жағдайда, Kaspi-дің енгізген өзгерістері күшіне енген күннен бастап Қосымша бұзылады, бұл ретте Серіктес Қосымша бойынша туындаған, бірақ орындалмаған барлық міндеттемелерін, соның ішінде көрсетілген қызмет ақысын төлеу міндеттемелерін орындауға міндетті.

10.4. Жазбаша хабарламалар екінші Тарапқа қолхат арқылы табысталса немесе Қосылуға өтініште көрсетілген мекенжайға, ал ол өзгерген жағдайда – екінші Тарапқа хабарланған мекенжайға тапсырысты хатпен жіберілсе (пошталық түбіртек болған кезде), екінші Тарап оларды алған болып саналады.

10.5. Қосымшаның 10.1, 10.3-тармақтарында көзделген жағдайда Тараптардың арасында өзара есеп айырысу толық аяқталған (соның ішінде Серіктес алған барлық Құрылғыларды қайтарған, Kaspi-ге жөндеу құнын немесе қайтарылмаған/жөндеуге келмейтін Құрылғылардың толық құнын өтеген, қызмет ақысын төлеген) соң Қосымшаның немесе Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы толық тоқтатылады.

## 11. Ерекше талаптар

11.1. Қосымшаға қосылу Kaspi белгілеген нысан бойынша Қосылуға өтінішке қол қойған сәттен бастап жүзеге асырылады және мерзімсіз болады. Осы Қосымша бойынша қызмет осы Қосымшаның 1.2-тармағына сай көрсетіледі.

11.2. Қосымша немесе жалпы Серіктестерге БҚКШ бұзылған күннен бастап алты айдың ішінде Kaspi Серіктестің қосымша келісімінсіз тікелей дебеттеу арқылы Серіктестің кез келген шотынан Kaspi-ге Серіктес жасаған Операциялар бойынша келтірілген тиісті төлем жүйелерінің шағымдары бойынша Банктен есептен

шығарылатын соманы алуға құқылы.

11.3. Kaspi шараларды/шектеулерді қолданған жағдайда, Kaspi Серіктеске 3 жұмыс күні ішінде хабарлайды. Серіктес растайтын құжаттарды ұсынып, Kaspi-ге қарсылық беруге құқылы. Kaspi қарсылықпен келіспеген жағдайда, Серіктес өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Kaspi-дің шараларды/шектеулерді қолданғаны туралы хабарланған күннен бастап күнтізбелік 10 күннің ішінде Kaspi-ге қарсылықты бермеу, Серіктестің Kaspi-дің әрекеттерімен толық келіскені, Серіктестің міндеттемелерді бұзу фактісін мойындау болып табылады және Kaspi-ге шағымдарының жоқ екенін растайды.

11.4. Қосылуға өтінішке қол қою және осы Қосымша бойынша Kaspi-дің қызмет көрсетуі мақсатында Жеке кабинетте көзделген әрекеттерді жасау арқылы Серіктес Kaspi-ге:

- Серіктестерге БҚКШ-да және оның Қосымшаларында аталған жағдайларда, сондай-ақ Серіктес Тауарды өткізуге байланысты туындайтын міндеттемелерді бұзғанда, соның ішінде ақысы төленген қызметті көрсетпеген және Тауарды жеткізбеген жағдайда, Серіктестің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотынан, соның ішінде тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға (алуға) келісімін;
- Қосымшаның талаптарында көзделген мақсаттарда Шотты, соның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Серіктестерге БҚКШ бойынша Kaspi-дің алдындағы берешек сомасын тікелей дебеттеуге келісімін;
- Серіктестерге БҚКШ-ның қолданылу кезеңінде Шоттан ақшаны Kaspi-дің есептен шығаруына (соның ішінде тікелей дебеттеу арқылы), сондай-ақ Қосымшаның талаптарына сай төлемдер/аударымдар жасау үшін Серіктестің Шотына тиесілі (аударылатын) ақша сомасынан ақша ұстауға келісім/нұсқау береді, бұл ретте қандай да бір қосымша құжаттарға қол қою талап етілмейді.

\* \* \*